

DOI 10.53364/24138614_2021_21_2_105

ӘОЖ 80/81

Н.А. СадуақасҚ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ., ҚР.*E-mail: info@arsu.kz***ЛАТЫН ӘЛПБИІМЕН ЖАЗУ – ЕМЛЕНІ ЖЕТІК МЕНГЕРУ****НАПИСАНИЕ ЛАТИНСКОГО АЛФАВИТА – ОТЛИЧНОЕ ВЛАДЕНИЕ
ОРФОГРАФИЕЙ****WRITING THE LATIN ALPHABET IS AN EXCELLENT COMMAND OF
SPELLING**

Аңдатпа. Мақалада латын графикасы және оны жаңа орфографиялық ережелер бойынша қолданудың ерекшеліктері туралы баяндалған.

Түйін сөздер: латын графика, әліпби, қазақ тілі, орфография, жазу, әріп, дыбыс, үндестік.

Аннотация. В статье рассматривается о латынской графике и его особенности в использовании по новому орфографическому правилу.

Ключевые слова: латын, графика, алфавит, казах, язык, орфография, письмо, буквы, звук, сингармонизм.

Abstract. The article considers the latin graphics and its peculiarities in the new spelling rules.

Key words: Latin, graphics, alphabet, kazakh, language, orphographic, writing, aletter, sound, synarmonism.

Тіл - адам баласын қазіргі өркениетке жеткізген ұлы туынды, халықтың құнды мұрасы, асыл қазына, мемлекеттің тірегі. Әлемдік адамзат мәдениеті тарихында әліпби мен жазудың маңызы ерекше. Сондықтан қазақ әліпбиі мен жазуын латын графикасына көшіру - қазақ тілін жаңғырту, мемлекеттік тілді әлемдік стандартқа сай келтіру деп түсінеміз. Қазіргі таңда мемлекеттік тіл саясатының арқасында елімізде қазақ тілі өрістеп, мемлекеттік тілге деген сұраныс артып, керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып келеді. Қазақстан сияқты бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай мінсіз болып келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отырғаны баршаға аян. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі екенін айта келіп, «Қазақ тілі, шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуға. Жалпы, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді. Бұл – заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі», - деп атап көрсетті[1].

Қазақ жазуының латын әліпбиіне көшірудің қажеттілігін жете түсінген Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2017 жылғы 12 сәуірде жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласында: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы

технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты», - деп, латынға көшудің маңыздылығын атап көрсеткен болатын [2.16]. Қазіргі таңда жұртшылық латыннегізді қазақ әліпбиімен жасалған емле ережелері бойынша жазуға біраз үйреніп қалды. Қазір көшелерде жарнамалар, мекеме, түрлі жеке шаруашылық, әртүрлі кабинет, бөлімдер т.б. атаулары латын әріптерімен жазылып жүр. Латын әріптерін енгізу бағытында дайындалған жаңа емледе біраз жаңалықтар болғанмен де, емле ережелерінің бұрынғы түп негізі сақталған. Бұрын мектепте диктант жазып, кітап оқыған адам сол дағдысымен жаңа жазуды да тез меңгереді. Дегенмен, латынмен жазу емлесін толық меңгермеу салдарынан емле қатесімен жазылған жарнама тақталарын да көп кездестіре бастадық. Сондықтан латынға көшу бағытындағы дайындық шараларындағы жұмыстардың бірі ретінде емле ережесін жете меңгеру қажеттігі де негізгі мәселелердің біріне айналып отыр. Ана тілін құрметтеген әр азамат ана тіліміздің емле ережелеріндегі жаңа өзгерістерді де білуі керек. Осыған орай, жаңа емленің төменде берілген кейбір жаңалықтарына назар аударған жөн деп санаймыз.

Қазіргі қазақ тілінің жағдайында орыс тілі арқылы келген «в», «х» дыбыстары тілімізге өздерімен бірге көп сөз ала келгені аян. Енді бүгінгі таңда біз қаласақ та, қаламасақ та ол сөздерді тілімізден қуып шығара алмаймыз. Сондықтан «в», «х» дыбыстарын да әліпбиімізде арнайы таңбалап, орын берілді. Емле ережелерінде «в», «х» әріптерінің емлесіне арнайы тоқталмаса да, олардың жазылуы туралы басқа дауыссыздар қатарында айтылды. Жаңа емлеміздегі [ұу], [үү], [ый], [ій] дыбыс тіркестерінің орфограммасы туралы мәселе тілші ғалымдар арасында өте қызу талқыланды. Талқылау барысында, айтылудағы ый/ій, ұу/үү қосар әріптерді бұрынғыдай бір ғана «и» мен «у» таңбалары арқылы жазуға тоқталды: игілік (ійгілік емес), би (бий емес), иман(ыйман емес), киім(кйім емес), уыз(ұуыз емес), туыс(тұуыс емес), су(сұу емес); Ережеде берілген ескерту бойынша тек «сый», «тый» сөздері ғана қосар әріптермен жазылады: сый, сыйлық, тый, тыйым [3.10]. Қосар әріптермен жазуды жақтап келе жатқан ғалым Ә.Жүнісбек осы [ұу], [үү], [ый], [ій] қосар дыбыс тіркестерін бір ғана «и» мен «у» таңбасына байлап беріп, «ми» деп жазып, кейінгі ұрпақты «мый» деп айтқыза алмай келеміз деген болатын[4.77].

Жаңа емле ережесі бойынша соңғы буынында «ә» әрпі жазылатын түбір сөздерге қосымшалар жіңішке жалғанады: кінәсі, кінәлі, шүбәсі, шүбәсіз, куәсінің, куәлік, куәгер, күмән, күмәнді. Бірақ ашық дауыстылармен келетін қосымшалар жуан жалғанады: күнәға, күнәдан, кінәлау, шүбәлану, куәға, күмәнға, күмәндану. Ал соңғы буыны «ә»-мен аяқталған кісі есімдеріне қосымшалар жуан жалғанады: Күләш-қа, Күлән-ға, Біләл-ға. Кісі есімдеріне және -ов, -ев жұрнағымен аяқталған кісінің тегіне қосымша түбір сөздің соңғы буынына сәйкес үндесіп жалғанады[3.20]. Мысалы, Дәуренге, Ақжолға, Әміровке, Елубаевты, Нәбиевке, Ерғалиеваға, Балғараевтың, т.б.

Күнделікті өмірде адам аттары төлқұжатта дұрыс жазылмай жүргені айтылып келеді. Егер кез-келген адамнан аты-жөнін жазып беруді өтінсек, олар «паспорт бойынша жазайын ба, әлде, дұрысын жазайын ба?» деп қарсы сұрақ қояды. Бұл қазіргі жазуымыздың ащы шындығы болса, екінші жағынан, латынға неге өтіп жатқанымыздың бір себебін танытады. Араб, парсы тілінен енген кісі есімдері қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес жазылады: Ысқақ, Ырысжан, Ырысалды, Қасен, Құсайын, Қадиша, Пазыл, т.б. Кісі есімдері сыңарларының жігіндегі дыбыстар ауызша айтылуына сай жазылады: Айғыз, Байгелді, Бибажар, Есенғұл, т.б. [3.21].

Жаңа орфографиялық ережеде латын негізді әліпбиімізге енгізілмеген кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің жазылуы бір жүйеге түсті. Бұл ережеде кейбір кирилл

әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі бұрынғы жазуымыздан өзгеше екеніне назар аудару керек.

Бұрынғы Емлемізде шеттілдік сөздердің түп нұсқасы сақталуы басты орфографиялық талап болса, енді оларды түп нұсқадан да алыстатпау, қазақ тілінің ішкі табиғи ерекшеліктеріне де бейімдеу жағына ерекше көңіл бөлінген. Сонымен бірге халықтың қазіргі жоғары сауаттылығына байланысты шеттілдік сөздерді көп өзгеріске түсірмей, халықаралық терминдер мен атаулардың тұрпатын сақтау арқылы жазу заңдылықтарын тым күрделендіріп жібермей, сол арқылы шетел тілдерін оқып - үйренуге де оңтайлы болу жағы ескерілгені дұрыс байлам деп білеміз. Сонымен бұрын шеттілдік сөздер өзгеріссіз жазылып келсе, енді қазақ әліпбиіне икемделіп жазылады. «Ё» әрпі «ө» әрпімен таңбаланады. Оларға қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады: манёвр-манөвр, бруселёз-бруселөз, актёр-актөр, дирижёр-дирижөр, режисёр-режисөр, ал осы сөздерге қосымшалар қазақ тілінің заңдылығына сай жалғанады [3.25].

«Ц» әрпі және «сц» әріп тіркесі «с» әрпі арқылы жазылады: цирк-сирк, цифр-сифр, цилиндр – силиндр, циркул-сиркул; дециметр- десиметр, медицина- медисина, абзац-абзас, ал қатар келген «ц» әрпі «ts» тіркесі арқылы таңбаланады: питца-pitsa, Нитца-Nitsa, т.б. [3.25]. Ал «тч» дыбыстар тіркесімен аяқталатын сөздердегі «т» әрпі түсіріліп жазылады: скош-skoch, скеш-skech, маш-mach. «Щ» әрпі төл сөздерде «shsh» әріп тіркесімен, ал шеттілдік сөздерде «sh» әрпімен таңбаланады: асшшы, түшшы, кешше; училище, прапоршик.

«Э» әрпі «е» әрпімен жазылады: элемент, елеватор, епопеиа, поетика, коефисент. «Ю» әрпі төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында және дауысты дыбыстан кейін «йу» әріп тіркесімен айу, ойу, кайута, ал дауыссыз дыбыстан, айыру белгісі (ь) мен жіңішкелік белгісінен (ь) кейін «ү» әрпімен таңбаланады: парашют-парашүт, абсолют-абсолүт, глюкоза-глүкоза, компьютер-компүтер, тьютор-түтор [3.25]. Көріп отырғандай, «ю» әрпі үш түрлі жазылады екен: 1). төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында және дауысты дыбыстан кейін «йу» әріп тіркесімен (аю-айу, ою-ойу, Юрмала-Иурмала) жазылады. 2). Дауыссыз дыбыстан, айыру белгісі (ь) мен жіңішкелік белгісінен (ь) кейін «ү» әрпімен (парашют-парашүт, абсолют-абсолүт, глюкоза-глүкоза, валюта-валүта, бюллетень-бүлетен, продюсер-продүсер, люкс-лүкс, компьютер-компүтер, тьютор-түтор, рюкзак-рүкзак, сюжет-сүжет) деп таңбаланады. 3). «и» әрпінен кейін тұрған «ю» орнына «у» жазылады: кию-киу, кию-киу, дию-диу [3.25].

«Дж» әріп тіркесі бар сөздерде «д» әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылады: менеджер - менежер, джинси-жинси, джентльмен- жентілмен. Ескерту. «-дж» әріп тіркесінің арасынан буын жігі өтетін және сөз мағынасы өзгертін жағдайда «д» әрпі сақталып жазылады: бюджет - буджет, лоджия – лоджы [3.27]. Бұл ереже тіліміздің заңдылығына бейімделген.

Қазіргі әліпбиімізде жоқ жіңішкелік белгісі (ь) бар сөздерді жазудың да жолы бар. Жіңішкелік белгісі (ь) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады да, жазуда жіңішкелік белгі ескерілмейді. Мысалы, «ансамбль –ансэмбл, альманах-элманах, альфа-элфа» деп жіңішкелік белгі ескерілмей оны «э» дыбысымен айтамыз. Ал «медальон-медалөн, батальон-баталөн» деген сөздерде «ө» дыбысымен айтып, осылай жазамыз [3.27]. Емлемізді әлі жетілдіре түсу керек, себебі сөздеріміз аралас буынмен жазылып тұр деген пікірлер де бар. Бұл жерде де жіңішкелік белгі орны жіңішке айтылғанмен, бүкіл сөз аралас буынмен жазылады. Бұл жазылым, қанша өзгерткенімізбен, орыс тілінің айтылымын сақтап тұрғанын көрсетеді. Осы мәселелерге көңіл бөліп, орфоэпияда қазақы дұрыс айтылымын сақтау керек (әлібөм, энсэмбіл). Кейбір жағдайда мағынаға нұқсан келетін сөздерде жіңішкелік белгісінің орнына «и» әрпі жазылады екен (Пьер-Пиер, пьеса-пиеса) [3.27].

Шеттілдік сөздердің соңындағы «а» әрпі сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда түсіріліп жазылады. Қосымшалар соңғы буынға үйлесіп жалғанады: газет, минут, координат, капсул. Бірақ математика, педагогика, статистика, механика болып жазылады [3.28].

«Е» әрпінің алдында тұрған айыру белгісі (ь) субъект, объект деген сияқты сөздерде ескерілмейді, қосымшалар соңғы буын үндесіміне сәйкес жалғанады. Бұл ереже де тіліміздің үндесімін сақтауға бейімделгенімен, сөз аралас буынды болып тұр. Кейбір жағдайда сөз соңындағы «а» дыбысы қазақы айтылымда жуан-жіңішкелі «ы-і» (кассакассы, клеёнка-кілөнкі, плёнка- пілөнкі) болып қолданылатынын да ескеру керек деп ойлаймыз. Сондай-ақ, емледе «айтуы бойынша игерілген түрде жазылады» деп мысалға келтірілген сөздер арасындағы «росхта-пошта» сөзі де «пошты» деп қазақы айтылуы тиіс. Кейбір жерлерде бұл сөздерді «е» дыбысымен алмастырып айтады: (клеёнка-кілөнкі- кілөнке, плёнка - пілөнкі- пілөнке);

Ст, сть, зд дауыссыздарының сөз аяғында келуі қазақ тілінің дыбыстық заңымен үйлесе қоймайтыны белгілі. Мысалы, анархист, социалист, журналист, коммунист, формалист, манифест, поезд, разъезд т.б. қоғамдық-саяси, ғылыми терминдер идеологиялық қысым бойынша орыс тілінің емле ережесімен жазылды [3.28]. Бірақ қосымша жалғанғанда анархиске, социалиске, журналиске, коммуниске, формалиске, манифеске делініп, қазақ тіліне біршама икемделеді. Сондықтан бұндай сөздерді (терминдерді), апокопа құбылыстарын, анархис, социалис, журналис, коммунис, формалис, манифес, пойыз, рэзез деп, тіл заңдылығына толық икемдеп жазу заңдастырылған.

Сөз соңындағы қайталанған қосар әріптің біреуі, сөз ортасындағы қайталама «сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, гг, дд, кк, уу» дыбыстарын білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазылады деген ереже бар. Осы ережеге сәйкес класс, металл, программа, комиссар, грамматика деген сияқты сөздердегі бірдей дауыссыз дыбыстардың біреуін жазбаймыз [3.28]. Осы ережені толықтырып, араб-парсы тілдерінен келген сөздердегі қатар келген бірдей дауыссыздардың да біреуін түсіріп жазуды заңдастыру керек деп есептейміз. Мысалы, «махаббат», «лэззат» деген сөздердегі геминанттардың (бб, зз) бізге қажеті жоқ, оларды біз бір дыбыспен де айтамыз: ма-ха-бат, лэ-зат. Осындай қос дауыссыздың бірін түсіріп айтып-жазу керек, оны диэреза деп атайды [5.65]. Сөз соңындағы «-нг» әріп тіркесі «ң» әрпімен жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: боулинг-боулиц, рейтинг-рейтин. Ағылшын тіліндегі түпнұсқасында «w» әрпімен басталатын кейбір сөздер «у» әрпімен жазылады: уатсап, уикипедиа. Орыс тілі арқылы келген сөздердің соңындағы «-ий»-дің орнына бір ғана «и» әрпі жазылады: калий-кали, алюминий-алумини, натрий-натри, кафетерий - кафетерий, коментарий-коментари, реалий - реали [3.28]. Шетел тіліндегі танымал бренд, марка, тауар, т.б. атаулар түпнұсқа тұрпатында да, сондай-ақ қазақша игерілген түрінде де таңбаланатыны көрсетілген. Мысалы, Соса – сола / Кока – кола [3.25].

Сөздерді бірге не бөлек жазудың ұстанымдарын айқындау - мамандарды да ойлантатын күрделі мәселе. Бір қарағанда бір зат пен ұғымның атауы болып тұрған екі түбірден құралған сөздерді біріктіріп жаза беруге болатын секілді. Мысалы, «аяқкіім» сөзі бірге жазылса, осыған ұқсас «іш киім», «сырт киім» деген сөздер бөлек жазылады. «Жалаң аяқ», «тобан аяқ», «шыны аяқ» сөздері бөлек жазылса, осыған ұқсас «шоқаяқ», «жұкаяқ», «шотаяқ», «итаяқ» деген сөздер бірге жазылады. Сондықтан сөздерді бірге не бөлек жазудың заңдылықтарын білу, олардың басты ұстанымдарын айқындау жазу емлесінде өте маңызды мәселе болып табылады. Тіркес келген екі сөздің ішкі мазмұн межесі сөздің бірге немесе бөлек жазылуын айқындайды, яғни сөздің сыртқы тұлғасын, тұрпат межесін, анықтайды. Мәселен, «ақ аю» сөзіндегі «ақ» тура мағынада тұрғандықтан олар бөлек жазылса, ал «ақбөкен» сөзіндегі «ақ» өзінің тура мағынасынан

алшақтап, көмескіленіп тұрғандықтан бірігіп жазылады. Бірге немесе бөлек жазу үшін тіркесті сөздердің жалпылай алғандағы мағыналық ерекшеліктеріне, сыңарлар арасында синтаксистік қатынастың бар, жоқтығына және сөздердің қолданылу қызметтеріне қарау керек. «Сөз» сыңарлы біріккен сөздерге «баспасөз», «жарыссөз», «келіссөз», «қарасөз» т.б. жатады. Мұнда «баспасөз» – баспадан шығарылған газет-журнал, «келіссөз» – екі жақтың өзара келісім шарты» деген ауыс мағынада тұр. Сондықтан олар бірге жазылады. Ал «алғы сөз», «соңғы сөз», «қаратпа сөз», «төл сөз», «төлеу сөз», «қос сөз», «құрама сөз», «біріккен сөз», «қысқарған сөз», «өлең сөз», «жұмбақ сөз», «шаршы сөз», «жалпақ сөз», «көркем сөз», «жел сөз» күрделі атаулары Д1Д1 қатынаста тұр, яғни тура мағынада тұрғандықтан бөлек жазылады[6.52].

Жаңа емле ережелерінде екі түбірден құралған бір ғана зат пен ұғым атауы бірге жазылады деп жазылған: көкөніс, шекара, жертөле, бағдаршам, бейнебаян, сусабын[3.16].

Екінші сыңары -лық/лік (-дык/дік, -тық/тік) қосымшасымен келген қоғамдық, әлеуметтік лексика (ортаазиялық, жержүзілік, арампығылдық, бүкіләлемдік, жалпыхалықтық, бірреттік), -ар/ер қосымшасымен келетін әдет-ғұрып, кәде атаулары (ауызашар, атқамінер), -лар/лер, -дар/дер, -тар/тер қосымшасымен келетін ботаникалық, зоологиялық атаулар (ашатұяқтылар, балыққоректілер, жалаңкөзділер, ағашкеміргіштер), -қыш/кіш (-ғыш/гіш) қосымшасымен келетін құрал-сайман және техника атаулары (кеспекескіш, сабынсалғыш, өртсөндіргіш), -ты/ті (-ды/ді) (шаруабасты, немкетті, сүйкейсалды), -ра/ре, -ба/бе, -ма/ме (алыпқашпа, баукеспе), -ыс/іс-с (жанбағыс, кіреберіс, күнкөріс), -ғы/гі,-қы/кі, -қ (ауақыздырғы, ауасүзгі, бөріойнақ) қосымшасымен келетін лексикаланған тұрақты тіркестер мен зат атаулары бірге жазылады[3.16].

«Әсіре, бір, көр, жалпы» және «аван, авиа, авто, агро, анти, аеро, гидро, гипер, евро, изо, интра, инфра, кино, мега, мини, радио, теле, транс, ультра, фото, электр» сөзалды сыңарларымен, сондай-ақ «бел» қосымшасымен келген атаулар бірге жазылады: әсіресолшыл, біржұтым, бірқайнатым, көпмәнді, көпмүше, жалпыұлттық, жалпымемлекеттік, авансахна, авиамектеп, автожол, агрокешен, аптидене, аерошана, электрсүзгі, фотосурет, гидробекет, гипербелсенді, инфрақұрылым, изосызық, киноқондырғы, радиобайланыс, телеарна, трансшекара, ультрадыбыс, еуроспорт, мегажоба, минижоба, бейкүнә, бейхабар[3.16].

Екінші сыңары «аралық, құмар, жанды, таны, таным, жай, хат, ақы, ішілік» сияқты сөздермен және «сымақ» қосымшасымен келген атаулар бірге жазылады: халықаралық; атаққитар; ұлтжанды; жаратылыстану; тілтаным; жылужай; ашыққхат (ашыққхат сыйлау); зейнетақы; мекемеішілік; әкімсымақ. Бірақ анықтауыштық қатынас сақталған күрделі сөздер бөлек жазылады: ашық хат, қызметтік хат. «Еш, әр, кей, бір, қай, қайсы, әлде» сөздерімен келген есімдік, сын есім, үстеулер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылады: ешкім; әркім; кейбір; бірдеңе; қайбір; әлдеқалай; әртүрлі. Ескерту бойынша, «әр, кей, бір, қай, әлде» сөздері зат есімдермен тіркескенде, бөлек жазылады: әр ел; кей бала; бір жұмыс; қай заман; әлде шын, әлде өтірік[3.17]. Бірінші сыңары «ақ, қара, сары, көк, қызыл, ала, боз» тәрізді түс атауларымен келетін ботаникалық, зоологиялық терминдер бірге жазылады: ақиық (құс), ақшабақ (балық); қаракұс, қараағаш (өс.); сарыандыз (өс.), сарыгүл; көкқұтан (құс), көкбасшөп (өс.); қызылқасқыр (аң), қызылбидай; алабұға (балық), алабұлбұл (құс); бозбетеге (өс.), бозторғай. Үш құрамнан тұратын ботаникалық, зоологиялық атаулардың алдыңғы екі сыңары бірігіп жазылады: ақбас сиыр, ақкөт торғай[3.17]. Лексикалық мағынасынан ажыраған «қой, сиыр, түйе, бота, қозы, ат, қойан, айу, бөрі, қасқыр, ит» немесе «құм, су, бал, у, сор» сөздерімен тіркескен ботаникалық, зоологиялық атаулар бірге жазылады: қойжусан (өс.), сиыржоңышқа (өс.), ботабүрген (өс.), қозыгүл (өс.), атқұлақ (өс.), қойансүйек (өс.), айубалдырған (өс.), айубадам (өс.), бөріқарақат (өс.), қасқыржем (өс.), итбүлдірген (өс.), құмберіш (өс.),

субетеге (өс.), балқарағай (өс.), укекіре, убидайық (өс.), сорқаңбақ (өс.). Ескерту бойынша, «ақ, қара, қызыл, қоңыр, сұр, шұбар» сөздері аң-құс, өсімдік түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады: ақ алабота, қара қарға, сұр жылан, шұбар бақа[3.19].

Екінші сыңары «шөп, гүл, тікен, жарырақ, тамыр, құс, балық, құрт, жидек, жеміс, қат» сияқты жалпы атау болып келетін ботаникалық атаулар бірге жазылады: еменшөп, қоңыраушөп; күймесгүл, қалтагүл; сортікен, шағыртікен; түймежарырақ, сүтжарырақ; алтынтамыр, белтамыр; тотықұс, көкқұс; тарақбалық, қылышбалық; қарақұрт, бөсіркұрт; қызылжидек, итжидек; тамыржеміс, торжеміс; қарақат, қызылқат. Лексикаланған фразеологизмдер және олардың қосымшалы түрлері бірге жазылады: ақсақал, ақсүйек, ақниет, ақниеттік, ақкөңіл, ақкөңілділік; көшбасшы, дүниеқоңыздану, ержүрек, ержүректік, жанпида, жанпдалық, атақоныс; басқосу, атсалысу, атүсті[3.19].

Сөздерді бірге не бөлек жазудың заңдылықтарын меңгеру үшін ғалым Қ.Күдерина зерттеулеріне ерекше назар аудару керек деп есептеймін[6]. Себебі оның еңбектерінде сөздерді бірге жазудың бірнеше белгілері көрсетілген болатын. Ғалым бірге жазылатын сөздердің «сөзұластыруыш» және «сөзқұрастыруыш» деп екі белгісін көрсетеді[7.10].

Сөзұластыруыштарға екі сыңар соңынан жалғанатын қосымшасы бар тіркестерді, ал сөзқұрастыруыштарға жартылай жұрнақ, жартылай сөз қызметіне ауысқан аффиксоидтар (сөзсоңы сыңарлар) мен префиксоидтар (сөзалды сыңарлар), стандарт және жинақтаушы құрастыруыштарды жатқызады. Сонда құрастыруыштарды дерексіз-жалпынақты сипатына қарай аффиксоид, стандарт, жинақтаушы деп бөледі. Қосымшалардың сөз біріктіретін қасиеті бар екендігін сөзұластыруыштар деп көрсетілген -лар/лер, дар/дер (ағашкеміргіштер, қосжыныстылар, балыққоректілер) «сөзұластыруш жалғаулары», -лық/лік, дық/дік (араағайындық, дүниежүзілік, ортағасырлық), -лы/лі, ды/ді (қазақтілді, ағылшынтілді, қолжетімді, қамкөңілді), -ар/ер (ауызашар, атқамінер, ұйқыашар), -қыш/кіш (сабынсалғыш, өнертапқыш, қолжуғыш), -ты/ті (атсоқты, әлімжетті, күнқақты), -ма/ме (елкезбе, иекартпа, қолжазба, күнтізбе, суырыпсалма), -ыс/іс (құлаққағыс, беталыс, көзтаныс, көкөніс), ық/ік/к/к (бөріойнақ, сақинасалмақ, бөріойнақ), қы/кі (мұзқатқы, ойтүрткі) «сөзұластыруш жұрнақтары» жалғанған сөздердің бірігіп жазылуы арқылы көрсетеді. Ал алдыңғы жағы негізгі мағыналық жүкті арқалап тұрған сөздің соңына «хана» (асхана, баспахана, дәмхана, кітапхана), «құмар» (атаққұмар, сәнқұмар, өсекқұмар), «аралық» (ауданаралық, пәнаралық, салааралық), «тану» (абайтану, тілтану, театртану), «жай» (әуежай, мекенжай, саяжай), «жанды» (ақынжанды, малжанды, итжанды) сияқты «сөзқұрастыруыштар» жалғанып, алдындағы сөзге қосымша, көмекші мән үстеп тұратынын айтады[7.14].

Ғалым Қ.Күдерина зерттеуінде сөздердің бірге жазылуының келесі бір маңызды белгісі ретінде «стандарт құрастыруыштар» деп атап, кейбір толық мағыналы сөздердің тіркестің соңғы сыңарында келіп, тура мағынадан ауып, көмекші сөздердей, жалпы мағына үстеп, бірге жазылуға сұранып тұратыны көрсетілген. Осындай стандарт құрастыруыштар қатарында «хат» (алғысхат, ашықхат, жолдаухат), «қап» (аяққап, шашқап, шынықап), «шөп» (арпашөп, арамшөп, өлеңшөп), «гүл» (азагүл, ақгүл, анаргүл інжугүл), «от» (ақот, семізот, киікоты), «жегі»(ағашжегі, тұқымжегі, шыбынжегі), «балық» (ақбалық, итбалық, қызылбалық, табанбалық), «ауру» (сарыауру, итауру), «той»(алтынтой, қоныстой, сүндеттой, мерейтой), «ақы» (көзақы, сұтақы, зейнетақы, өтемақы, пәтерақы), «басы» (елбасы, көшбасы, отбасы, рубасы, әскербасы) сияқты сөздердің бірге жазылатынын көрсеткен[7.22]. Сөздердің бірге жазылуына ұйытқы болатын келесі бір маңызды топты-бүтіннің бөлшегі ретінде сөз жасайтын тұлғалар, «бас» (атбас, шүйкебас, қаңғыбас, қылжақбас), «тікен» (әнектікен, бозтікен, түйетікен),

«тамыр» (алтынтамыр, жертамыр, кіндіктамыр), «жапырақ» (ақжапырақ, балажапырақ, түйежапырақ), «құрт» (алақұрт, бүйенқұрт, есекқұрт), т.б. «жинақтаушы құрастыруыштар» деп атап, оның құрамындағы соңғы сыңарлары өздерінің тура мағынасында емес, жанама мағынада жұмсалып, біріккен сөз жасайтынын айтады[7.28].

Қорыта айтқанда, қазіргі кезде, жаңа әліпби бойынша жазу емлесі талқылауларда айтылған ұсыныстар негізінде толықтырылып келеді. Алдағы уақытта да жетілдіріле түседі. Латын әліпбиімен жазу – емлені жетік меңгеру деген сөз, сондықтан емлеге жете назар аударған жөн. Жазу емлеміздегі әр жаңалықты тіліміздің болашағы үшін жасалып жатқан жақсы істердің жалғасы деп түсіну керек. Латын әліпбиіне көшу - ана тілімізді дамытып, оның қолданыс аясын кеңейте түсіп, мәртебесін әлемдік деңгейге көтеруге жасалған ең тиімді, дұрыс шешім. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін жаңа биіктерге бастайтынына кәміл сенеміз. Сондықтан жазу емлеміздегі әр жаңалықты мұқият зерделеп, оны терең меңгере білуіміз қажет.

Әдебиеттер

1. Қасым-Жомарт Тоқаев. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі». Қазақстан халқына жолдауы. -Астана. Елорда. 01.09.2021 ж.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. -Астана. Елорда. 2017 ж.
3. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері. Жоба.-Астана: тілорталық, 2018.- 30 б.
4. Жүнісбек Ә. Төл әліпби-төл жазу мәселелері.- Алматы: Дайк-Пресс, 2017. - 232 б.
5. Садуақас Н.А. Латын графикасына көшу: қазақ тілі әліпбиі мен емлесі. (ғылыми-танымдық еңбек). - Ақтөбе: Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе ӨМУ «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2018.- 80 б.
6. Күдерінова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы.- Алматы: «Комплекс» баспасы, 2005. - 144 б.
7. Күдерінова Қ. Бірге ме, бөлек пе? - Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2017.- 84 б.

References

1. Qasym-Jomart Toqayev. «Halyq birligi және jüieli reformalar – el örkendeuinñ berik negizi». Qazaqstan halqyna joldauy. -Astana. Elorda. 01.09.2021 j.
2. Nazarbaev N.Ä. Bolaşaqqa bağdar: ruhani jañğyru. -Astana. Elorda. 2017 j.
3. Jaña älipbi negizindegi qazaq tılı emlesinñ erejeleri. Joba.-Astana: tilortalyk, 2018.- 30 b.
4. Jünisbek Ä. Töl älipbi-töl jazu мәseleleri.- Almaty: Daik-Press, 2017. - 232 b.
5. Saduqas N.A. Latyn grafikasyна köşu: qazaq tılı älipbiі men emlesi. (ğylymi-tanyndyq eñbek). - Aqtöbe: Q.Jübanov at. Aqtöbe ÖMU «Jübanov universiteti» baspa bölımı, 2018.- 80 b.
6. Küderinova Q. Birge және bölek jazylatyn sözderdiñ orfografiyası.- Almaty: «Kompleks» baspasy, 2005. - 144 b.
7. Küderinova Q. Birge me, bölek pe? - Almaty: «Qazaq tılı» baspasy, 2017.- 84 b.